

Погон таққан нәзік жандар

Погон таққан әйелдер – қазіргі заманда сирек кездесетін жайт емес. Алайда олардың арасында өз қызметін адал абыроймен атқарып, өздерінің сұлулығы, әсемдігі, нәзіктігімен бірге, батылдық пен төзімділік сынды қасиеттерімен танылып жүргендері санаулы десек болады.

Соның ішінде, Қостанай қаласы тергеу изоляторы арнайы есеп бөлімі қыз-келіншектері жайлы айтқым келіп отыр. Осы бөлімнің өзі, басшысынан бастап, қатардағы қызметшісіне дейін - әйел затынан құралған. Штат бойынша 10 қызметкерден тұрады, әрқайсысының бөлімде және мекемеде алатын орыны бөлек. Бірі әже, ал бірі жас ана, одан бірі енді келген жас қызметкерлерден тұрса да, барлығының алға қойған мақсаттары бір - өздеріне қойылған талаптарды, нұсқауларды заңнамаға сәйкес орындау.

Тергеу изоляторына келіп түскен әр айыпталушының, сотталғанның жеке ісін есепке алғаннан бастап, оның әр құжатын мұқият оқып тексерумен, әрқайсысының мерзімін жіберіп алмай өз уақытында орындалуын қадағалайды. Жалпы, әйел адамдар болған жерде әрқашан



ұқыптылық қатар жүреді ғой. Оқу-жаттығу кезінде болсын, сондай-ақ дабыл қағылғанда қыс демей, жаз демей әрдайым қызметке даяр болады.

Әйел – ана, адал жар, отбасының ұйтқысы, адамзат ұрпағының жалғастырушысы. Ал, қыз-келіншектер болса, әрқашанда Отан қорғау жолында ешкімнен де, ештеңеден де қалыс болған емес. Үстіндегі көйлегін жауынгердің керзі етігі мен шинеліне алмастырған нәзік жандылар бар ынтасымен өзінің табиғатына тән емес ауыр да, жауапты қызметті абыроймен атқаруда.

Әйтседе, бүгін погон таққан әйел

заты үшін ерекше күн. Ерлермен бірге иық теңестіре қызмет етіп жүрген бұл жандарға қандай тілек айтсаң да артық етпейді. Сол себепті осы сәтті пайдалана отыра, көктемнің шуақты күні өз нәзік жанды қызметестеріме: зор денсаулық, ашық аспан, қажымас қайрат, отбасыларына амандық, алға қойған мақсаттарына сүрінбей жетіп, армандарының орындалуын тілеймін!

**Наталья СЕРДЮК,
ҚР ІІМ ҚАЖК Қостанай
облысы басқармасының
УК-161/1 мекемесі арнайы
есеп бөлімінің бастығы
әділет аға лейтенанты**

Балалар өрт сөндірушілерге тәнті болды

Қостанай қ. №2 лицей мектебінің 8 А және 7 Л оқушылары Қостанай қ. №1 өрт сөндіру бөлімін аралады. Өрт сөндірушілер балаларға өрт сөндіру машинасының жабдықталуы және оның техникалық сипаттамасы жайлы айтып берді.

Барлығы да өрт сөндіру машинасында отырып, жабдықты қолдарымен ұстап, дәстүр бойынша өрт сөндірушілердің каскаларын киіп көрді.

«Қазір балалардың өмірінде жауапты және өзгерістер орын алатын уақыт, олар өздерінің алдағы уақытта не істеу керектігін таңдаулары керек, мектепті аяқтай ма, әлде басқа оқу орнына ауыса ма, сол жағын анықтаулары қажет, өйткені осы таңдау олардың

болашағын шешеді емес пе. Мүмкін балалардың ішіндегі біреуі болашақта өз өмірін осы мамандықпен байланыстырып, осы салада жұмыс істеуге құлшыныс білдірер. Экскурсия бізге өте ұнады, көптеген жаңа сөздер, атаулармен таныстық» - деп атап өтті өз сөзінде ата-аналар комитетінің төрағасы Слободянок Галина.

Экскурсия барған сайын қыза түсті: балалар бөлімнің барлық жерін аралап шықты, командалық пунктке барды, байланыс, жатын бөлме, спортзал, ас үй бөлмелерін олар аса бір қызығушылықпен аралады. Өрт сөндірушілердің жауынгерлік кезекшілікті қай жерде өткізетіндігін көрді.

Қостанай облысы ТЖД «ӨС және АҚЖК» ИМ мемлекеттік тіл және ақпарат тобы



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ:

Медиацияны қолдануға арналған «дөңгелек үстел»

Қостанай облысының судьялары А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің базасында өткен «дөңгелек үстел» барысында медиация - дауды шешудің оңтайлы түрі ретінде талқылады.

Қостанай облысының судьялары А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің базасында өткен «дөңгелек үстел» барысында медиация - дауды шешудің оңтайлы түрі ретінде талқылады.

Аталған шара медиация институтының дамуы барысында тәжірибе алысу мақсатында ресейлік медиаторлардың онлайн-режимінде қатысуымен өтті. Тақырыпты талқылауға Ресей Федерациясының Сібірлік конфликтология орталығының директоры Марат Авдыев, кәсіби медиаторлар, заң факультетінің оқытушылары, білім саласының қызметкерлері, ҰЕҰ өкілдері мен студенттер қатысты.

Медиация төңірегіндегі өзекті мәселелерді талқылап, Қазақстан мен Ресейдегі медиация институтының дамуы барысында тәжірибе алысу мақсатында дөңгелек үстелге ресейлік медиаторлар да онлайн-режимінде қатысты.

«Қостанай облысының медиация орталығы» ЖМ директоры Құралай Ахмедина азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда медиацияның маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Сот медиациясы туралы кеңінен баяндаған Қостанай облыстық сотының судьясы Гүлманат Артықбаева 2016 жылдың 12 айында облыста 923 қылмыстық, 1902 азаматтық, 893 әкімшілік іс қаралғанын, бұл көрсеткіштер бітімгершілік шараларын қолданудың артқанын байқататынын мәлімдеді. Бұған қоса, республикада медиация дамуының сатыларына тоқталған судья, биылғы жылдан бастап даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды (жанжалдарды)

медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша пилоттық жобаның іске асырылып жатқандығын айтты.

Азаматтық істердің қай санаттарына медиацияны қолдану міндетті болып саналатындығы туралы түсіндірген судья бұл міндетті орындау тараптардың емес, судьяның жұмысы екендігіне тоқталды.

Көмелеттік жасқа толмағандарға қатысты медиацияны қолданудың ерекшеліктері мен тәжірибесі туралы ювеналдық сот судьясы Қарлығаш Шармұхамбетова баяндады. Оның сөзінше, 2012 жылдары азаматтар медиацияны қолданудан бас тартып, бітімгершілікке келуді тиімсіз іске балайтын. Кейін, медиация жиі қолданыла бастаған соң азаматтар оны қолдану арқылы дауды реттеуді жөн көретін болған. Судья келтірген мәліметтер бойынша, 2015 жылы ювеналдық сотта тараптардың бітімгершілікке келуімен 32 азаматтық іс қаралса, 2016 жылы бұл көрсеткіш 42-ге жеткен.

Қазақстандық әріптестерімен тәжірибесімен бөліскен Ресей Федерациясының Сібірлік конфликтология орталығының директоры М. Авдыев Қазақстанға қарағанда Ресейде медиацияны қолдану бойынша жетістіктердің басым емес екендігін мәлімдеді. Сонымен қатар, ол медиация өз бастауын патшалық кезеңнен алғандығына тоқталып, көпестер даулы жағдайда қоғамда беделі жоғары болған билер сотына жүгінгендігін айтты.

Ресейлік маман кей даулы жағдайларды шешуде өз тәжірибесінен де мысалдар келтірді. «Дөңгелек үстел» барысында тараптардың бірі агрессор болған жағдайда медиацияны қолданудың қауіпсіздігі жайы да талқыға түсті. Бұл жағдайда тараптарды бітімгершілікке келтіру рәсімін дыбыс-бейне жазу құрылғысын қолдану арқылы жүргізу керектігі және медиаторда дабыл басқыш тетігі болуы керектігі айтылды.

Шара нәтижесі бойынша қатысушылар пікір алмасып,

медиация қалыптасу кезеңінен өткен соң бітімгершілікке келтіру кең ауқымда қарқын алады деген тоқтамға келді.

Бітімгершілікке келтіру жайы талқыланды

Қостанайда судьялар қоғам өкілдерімен бірлесіп дауларды медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асырудың кей мәселелерін талқылады.

Қостанай облыстық соты «Даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыру. Бітімгершілікке келтіру рәсімдеріндегі проблемалық мәселелер» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізді.

«Дөңгелек үстел» жұмысына азаматтық істерді қарайтын облыс судьялары, прокуратура, «Қостанай облысының медиаторлар ассоциациясы» ҚБ, сақтандыру компаниясы өкілдері, кәсіби және кәсіби емес медиаторлар, нотариат палатасы, коммуналдық қызмет, еңбек инспекциясы, қорғаншылық және қамқоршылық органы мен банк қызметкерлері қатысты.

Шара модераторы облыстық сот судьясы С. Нуров тақырыптың өзектілігін атап өтті.

Облыстық соттың бітімгершілікке келтіру рәсімдері бойынша үйлестіруші судьясы А. Нұрлымбаева пилоттық жоба екі бағытта, яғни, ұйымдастырушылық және ақпараттық бағыттарында іске асырылатынын мәлімдеді. Екінші бағытқа кеңінен тоқталған судья, пилоттық жобаны жүзеге асыруда оны бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихаттап, халықты таныстыру керектігін айтты. Сонымен қатар, судья қатысушыларға жоба ережесіне сай медиацияны жүргізу тәртібін баяндады.

Ювеналдық сот судьясы Ж. Метаев облыстың көмелетке толмағандар ісі жөніндегі сотында медиацияның белсенді қолданылып жатқандығын айтты. Өткен жылы сотқа жеткен азаматтық істердің барлығы дерлік арнайы шақырылған медиаторлардың көмегімен өндірістен тоқтатылған. Баланың тұрғылықты жерін анықтауға қатысты 21 азаматтық іс медиация тәртібімен қаралған. Өз сөзінде, судья Ж. Метаев қорғаншылық және қамқоршылық органында тараптар арасында медиативтік келісімді бекіту құқығы болса деген ұсыныс жасады. Мәселен, баланың тұрғылықты жерін, ата-ананың бірімен кездесу тәртібін реттеу ісін сотқа жеткізбей, аталған органда медиативтік келісім арқылы реттелсе деген ойын ортаға салды.

Еңбек дауларында міндетті түрде медиацияны қолдану жайын талқылаған шараға қатысушылар, бұл дауды реттеп қана қоймайды, сонымен қатар, бітімгершілікке келу барысында жұмыс беруші мен жұмыскердің бір деңгейде болуын қамтамасыз етеді деп есептейді.

Бұл тұрғыда, облыста қоғамдық талқылауға ие болған, жергілікті жылу-энерго компаниясының қызметкерлері арасындағы еңбек дауы мысалға алынды. С. Нуров міндетті медиация рәсімін қолдану арқылы шешілетін даулар осы тұста мол екенін тілге тиек етті.

Жер телімдерінің аумағын анықтау, пәтерге су ағызу сынды көршілер арасында жиі туындайтын жанжалда, үйден шығару және т.б. дауларда медиацияны қолдану міндеті бойынша сөз алған Қостанай қалалық сотының судьясы Т. Жолкенова әдетте, мұндай даулар заңгер қызметіне төлейтін қаражаты шамалы егде жастағы тұрғындар арасында туындайтынын айтты. Сотта істі соттық талқылауға дайындау бойынша ауқымды жұмыстар атқарылады және осы сатыда азаматтарға медиация өткізу ұсынылады. Алайда, көп жағдайда тараптар бас тартып жатады.

Судья медиация міндетті түрде қолданылатын істер бойынша

шетелдік сот тәжірибесінен мысалдар келтірді. Мәселен, Германияда тараптар сотқа дейін медиация рәсімін өткізбейінше сотқа шағымдары қабылданбайды. Ал Францияда қоғамдағы жанжалды азайтуға бағытталған «әлеуметтік медиация» деген ұғым бар.

Шараға қатысушылар республикада медиацияны өткізу тиімділігін арттыруға медиаторлардың кәсіби біліктілігі төмен болуы әсер етіп отырғандығын айтты. Осы себепті азаматтар бітімгершілікке келуден бас тартады.

Нотариат палатасының өкілі олардағы істер көбіне даулы мәселеге жатпайтындығын және медиация қолдану қажеттілігінің жоқтығын айтты. Бұған, судья А. Нұрлымбаева нотариалдық сенімхатта «бітімгершілік келісімі» терминімен қатар «медиация» терминін енгізуді ұсынды.

«Қостанай облысының медиаторлар ассоциациясы» ҚБ президенті С. Богатырев судьялар тарапынан медиацияның жүргізілуі жарамдылығы бойынша ойын білдірді. Оның сөзінше, сотта жасалған медиациялық келісімнің заңды күші жоқ. Себебі, судьялар кәсіби медиаторлар тізімінде жоқ. Алайда, судьялар қойылған міндеттерді өте жемісті орындап келеді. Германияда медиатор-судьялар арнайы білім алу курсынан өтеді. Осы себепті, судьялар медиативтік емес бітімгершілік келісім жасайды.

Медиацияны қолдану бойынша айтылған ескертулер мен ұсыныстар ескеріліп, «дөңгелек үстелге» қатысушылар мемлекет пен қоғам иілігі үшін тұрғындар арасындағы адами қарым-қатынасты сақтауда даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша пилоттық жобаны сапалы жүзеге асыру керек деген ойларын ортаға салды.

Шара нәтижесі бойынша тиісті ұсыныстар жасалды.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

